

«AltynEx Company»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
(«AltynEx Company» АҚ)
АКЦИЯЛАРДЫ ШЫҒАРУ ПРОСПЕКТІСІ

«Уәкілетті органның жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуі проспектіде сипатталған акцияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да бір ұсыныстар беруді білдірмейді. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган аталған құжаттағы ақпараттардың растығына жауапкершілікте болмайды. Акциялар шығарылымы проспектісі Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес қана қаралады. Акционерлік қоғамның лауазымды тұлғалары осы проспектіде мазмұндалағын ақпараттардың растығына жауапкершілікте болады және онда берілген барлық ақпарат рас болып табылатынына және қоғам мен оның орналастырған акцияларына қатысты инвесторларды жаңылыстыруға әкелмейтінін растайды».

Алматы, 2015

1. Акционерлік қоғам туралы жалпы мәліметтер

2. Акционерлік қоғамның атауы

Атауы	Толық	Қысқартылған
Қазақ тілінде	«AltynEx Company» акционерлік қоғамы	«AltynEx Company» АҚ
Орыс тілінде	Акционерное общество «AltynEx Company»	АО «AltynEx Company»
Ағылшын тілінде	«AltynEx Company» Joint Stock Company	«AltynEx Company» JSC

«AltynEx Company» акционерлік қоғамының (бұдан былай – Эмитент) атауы өзгерген жоқ, Эмитент заңды тұлғаның (заңды тұлғалардың) қайта ұйымдастырылу нәтижесінде құрылған жоқ.

3. Акционерлік қоғамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер

Ақтөбе облысының Әділет департаменті Мұғалжар аудандық Әділет басқармасы берген 2015 жылғы 18 шілде № 101 001 111 184 60 заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама, тіркеу нөмері № 432 – 1904 – 12 – АҚ – ШҚ.

4. ҚР ҚҚА Басқармасының 28.05.07 ж. № 155 қаулысына сәйкес алынып тасталды.

5. Акционерлік қоғамның орналасқан жері, байланыс телефондарының және факсының нөмірлері, электрондық почтасының адресі туралы ақпарат

Қазақстан Республикасы, 030713, Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Алтынды ауылы, тел.: +7 (7132) 90 50 82, эл. почта: 7886002@mail.ru

6. Акционерлік қоғамның банктік деректемелері

BSN 150740015974

ЖСК KZ17549D0398R7102125 Ақтөбе филиалы «Qazag Banki» АҚ

BCK SENIKZKA

7. Акционерлік қоғам қызметінің түрлері

Пайдалы қазбаларды өндірумен (Upstream), өңдеумен, өткізумен (downstream) байланысты қызмет, сондай-ақ жоғарыда аталғанмен байланысты немесе оларға қатысты басқа да қызмет түрлері, Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған және Эмитенттің қызмет мақсаттары үшін қажетті кез келген басқа қызмет түрлері Эмитент қызметінің ерекше түрі болып табылады.

8. Акционерлік қоғамға немесе ол шығарған бағалы қағаздарға халықаралық рейтинг агенттіктері және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтинг агенттіктері берген рейтингтердің болуы туралы мәліметтер. Эмитентке немесе ол шығарған бағалы қағаздарға халықаралық рейтинг агенттіктері және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтинг агенттіктері тағайындаған Рейтингтердің қаржылық агенттік мәртебесінің тағайындалуы туралы мәліметтер жоқ. Эмитенттің қаржылық агенттік мәртебесі жоқ.

9. Акционерлік қоғамның барлық филиалдары мен өкілдіктерінің атауы, тіркелген күні, орналасқан жері және почталық мекен-жайы
Эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

10. Акционерлік қоғамның соңғы аяқталған үш қаржы жылына қаржылық есебіне қаржылық есеп беру аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның (фамилиясы, аты, болса аудитордың аты-жөні), олардың тиісті алқалы органға (қауымдастық, палата) қатыстылығы көрсетілген толық ресми атауы.

Эмитент заңды тұлға ретінде тіркелген сәттен бастап, заң және қаржы мәселелері бойынша аудиторлық және кеңес беру қызметтерін көрсетуге шарттар жасаспады және оларды бұзбады.

11. Акционерлік қоғамның корпоративті басқару кодексін қабылдаған күні (оның қабылдануы қоғамның жарғысында қаралған жағдайда).

Корпоративтік басқару кодексін қабылдау Проспект тіркелгеннен кейін қарастырылған.

11-1. Акционерлердің жалпы жиналысы немесе құрылтай жиналысы акциялардың қоғам сатып алған кездегі құнын анықтау әдістемесін бекіткен күн

«AltynEx Company» АҚ Құрылтайшылардың алғашқы жиналысында бекітілген хаттама № 1 2015 жылғы 8 шілдеде.

2. Қоғамның органдары және құрылтайшылары (акционерлері)

12. Акционерлік қоғамның Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі сайланбады.

12-1. Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері (бар болған жағдайда)

Эмитенттің Директорлар кеңесінің комитеттері құрылмаған.

12-2. Эмитент толтырмайды.

12-3. Ішкі аудит қызметі (бар болған жағдайда)

Ішкі аудит қызметі құрылмаған.

13. Акционерлік қоғамның алқалы (жеке-дара) атқарушы органы

№	Аты-жөні, бар болса – әкесінің аты, туған жылы	Хронологиялық тәртіппен соңғы үш жылда және қазіргі уақытта атқаратын лауазымы, оның ішінде қоса атқаратын қызметі	Көрсетілген тұлғаларға тиесілі дауыс беретін акциялардың қоғамның дауыс беретін акциялардың жалпы санына пайыздық ара қатынасы
1.	Ли Виктор Павлович, 1982 жылы туылған Уәкілетті тұлға	2012 жылдың қыркүйегінен 2014 жылғы наурызға дейін - аға талдаушы (жоба менеджері) ЖШС «RCG Investment Advisory» 2014 жылдың маусым айынан бастап қазіргі уақытқа дейін - «Ай Қарааул» қаржы менеджері	0,00

Қоғамның Уәкілетті тұлға өкілеттігі:

1. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне жүзеге асыру (Қоғамның төлеу және басқа құжаттарына бірінші қол қою құқығы бар);
2. Қоғамның органдары құрылғанға дейін үшінші тұлғалар алдында Қоғамның мүддесін білдіру.

14. Қоғамның осы проспектісінің 12 және 13-тармақтарында көрсетілген тұлғаларға соңғы қаржы жылында берілген және төленген сыйақы мен жалақының, сондай-ақ жеңілдіктердің жалпы сомасы

Төлемдер жүргізілмеді.

15. Акционерлік қоғамның ұйымдық құрылымы

1) Эмитенттің құрылымдық бөлімшелері

Осы проспект дайындалған күні құрылымдық бөлімшелер құрылмады.

2) акционерлік қоғам қызметкерлерінің, оның ішінде акционерлік қоғам филиалдары мен өкілдіктері қызметкерлерінің жалпы саны

Осы проспект дайындалған күні штаттық кесте бекітілмеді. Эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

3) акционерлік қоғамның акцияларын иеленетін акционерлік қоғамның қызметкерлерінің жалпы саны және олардың пайыздағы үлестірілген акциялардың жалпы санындағы жиынтық үлесі

Осы проспект дайындалған күні Эмитенттің акциялары орналастырылмады.

4) акционерлік қоғам бөлімшелерінің басшылары туралы мәлімет (аты-жөні, бар болса - әкесінің аты, туған жылы)

Осы проспект дайындалған күні құрылымдық бөлімшелердің басшылары болмады.

5) филиалдар мен өкілдіктердің басшылары туралы мәлімет (аты-жөні, бар болса - әкесінің аты, туған жылы)

Эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері жоқ

16. Акционерлік қоғамның құрылтайшылары (акционерлері)

Толық атауы	Туған күні/Орналасқан орны	Құрылтайшының ірі қатысушылары	Құрылтайшы алдын ала төлеген акциялар саны, дана	Құрылтайшы алдын ала төлеген акциялардың түрі
«TERRA MINERALS EXPLORATION LIMITED»	13/14 Esplanade, St.Helier Jersey, Channel Islands, JE1 1BD, Джерси	«SUN Gold Limited» (100%)	50 050 дана	Жай акциялар
«LINKORN LIMITED»	Ordnance House, 31 Pier Road, St/Helier, Jersey, Channel Islands, JE4 8PW, Джерси	Лузин Б.С., 1948 г.р. (100 %)	49 850 дана	Жай акциялар

17. Қоғам ірі акционері болып табылатын не ұйымның жарғылық капиталында он және одан да көп үлесі бар ұйымдар туралы мәліметтер

Эмитент қандай да бір ұйымның ірі акционері емес.

18. Қоғам қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат

Эмитент өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтарға, холдингтерге, концерндерге, қауымдастықтар мен консорциумдарға қатыспайды.

19. Акционерлік қоғамның басқа аффилирленген тұлғалары туралы мәлімет

Эмитентте Проспекті өкілетті мемлекеттік органға мемлекеттік тіркеуге ұсыну кезінде байланысты аффилирленген тұлғалар болған жоқ.

20. Эмитент қоғам мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап, аффилирленген тұлғалармен мәмілелер жасаспады

3. Акционерлік қоғам қызметінің сипаты

21. Акционерлік қоғам қызметінің негізгі түрлерінің қысқаша сипаты, акционерлік қоғамдарға бәсекелес болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер

Пайдалы қазбаларды өндірумен (Upstream), өңдеумен, өткізумен (downstream) байланысты қызмет, сондай-ақ жоғарыда аталғанмен байланысты немесе оларға қатысты басқа да қызмет түрлері, Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған және Эмитенттің қызмет

мақсаттары үшін қажетті кез келген басқа қызмет түрлері Эмитент қызметінің ерекше түрі болып табылады.

Қазақстанда және шетелде қызмет атқаратын барлық жер қойнауын пайдаланушыларды Эмитенттің ықтимал бәсекелестеріне жатқызуға болады, өйткені шығарылатын елге немесе оларды өндіретін компанияға қарамастан, пайдалы қазбалардың көпшілігі – бірдей сипаттарға ие стандартты өнімдер. Эмитент белгілі бір пайдалы қазбаларды өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығына ие болғаннан кейін Қазақстанда және шетелде пайдалы қазбаның осы түрін өндіретін нағыз бәсекелестерін анықтауға болады.

22. Акционерлік қоғам қызметінің негізгі түрлері бойынша сату (жұмыс, қызмет көрсету) кірістілігіне оң және теріс әсер ететін факторлар

Сату (жұмыстарды, қызметтерді) кірістілігіне оң әсер ететін факторлар:

- Қазақстанның сатылып макроэкономикалық дамуы;
- Пайдалы қазбалардың бағасының өсуі;
- Теңгенің АҚШ долларына бағамының өзгеруі;
- Қоғамның ыңғайлы географиялық орналасуы.

Сату (жұмыстарды, қызметтерді) кірістілігіне теріс әсер ететін факторлар:

- Қоғам мүддесіне қатысты заңнамадағы ықтимал өзгерістер;
- Пайдалы қазбалар бағасының оқис ауытқуы;
- Технологиялық тәуекелдер.

23. Қоғамның қолындағы лицензиялар (патенттер) және олардың қолдану кезеңі, зерттеулер мен әзірлеуге, оның ішінде қоғам демейтін зерттеу әзірлеулеріне шығатын шығындар туралы ақпарат

Эмитенттің лицензиялары (патенттері) жоқ және ол зерттеулер мен әзірлемелерге, соның ішінде зерттеу әзірлемелеріне демеуші болмайды.

24. Соңғы екі жылда немесе акционерлік қоғам нақты жұмыс істеген кезеңде сатылған өнімнің (орындалған жұмыстардың, қызмет көрсетудің) көлемі

Эмитент қызметін іс жүзінде іске асырып отырған уақыт аралығында өз өнімдерін сатпады (жұмыстар орындамады, қызметтер көрсетпеді).

25. Қоғамның өз өнімін (жұмыстарын, қызмет көрсетуді) сатуды ұйымдастыру жөніндегі қызметі

Эмитент өз өнімдерін сатпады (жұмыстар орындамады, қызметтер көрсетпеді).

26. Акционерлік қоғамның қызметіне әсер ететін факторлар

1) қызметтің маусымдық сипаты бар түрлері, олардың акционерлік қоғамның жалпы кірісіндегі үлесі

Эмитенттің атқаратын қызметі маусымдық сипатта емес.

2) акционерлік қоғамға жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттағы (жұмыстардағы, қызмет көрсетулердегі) импорттың үлесі және сатылатын өнімнің жалпы көлеміндегі экспорттағы акционерлік қоғам сататын өнімнің (жұмыстың, қызмет көрсетудің) үлесі

Эмитент шикізат (жұмыс, қызмет) импорттамады және өнімдерді (жұмыстарды, қызметтерді) экспортқа шығармады.

3) акционерлік қоғамның сот процестеріне қатысуы туралы мәліметтер.

Эмитент сот процестеріне қатыспады және қазір де қатысып отырған жоқ.

4) акционерлік қоғамға және оның лауазымды тұлғаларына соңғы жыл ішінде уәкілетті мемлекеттік органдар және (немесе) сот салған барлық әкімшілік жазалар туралы мәліметтер

Эмитент пен оның лауазымды тұлғаларына уәкілетті мемлекеттік органдар және (немесе) сот әкімшілік жаза қолданбады.

б) тәуекел факторлары

➤ *бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында немесе биржадан тыс нарықта акциялар бағасына, сондай-ақ қоғам акцияларының құнына әсер ететін нарықтағы өнім құнының өзгеруіне әсер ететін*

Эмитент акцияларының бағасына әсер ететін тәуекел – Эмитент акцияларының құны сыртқы тәуекелдерге тікелей байланысты болғандықтан, пайдалы қазбалар нарығындағы жағдайға тікелей байланысты. Сәйкесінше пайдалы қазбалар нарығындағы жағдай және бағалардың құбылмалығы Эмитент акцияларының құнына тікелей әсер етеді.

➤ *инфляциямен, девальвациямен және банктік пайыз мөлшерлемелерімен шартталған Инфляциялық тәуекел* – Қазақстан Республикасындағы экономикалық жағдай соңғы бірнеше жыл бойы тұрақты болып қалуда. Осының салдарынан бұл тәуекелдер өте аз деп қорытынды жасауға болады.

Пайыздық тәуекел – банктік қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлемелердің қолайсыз өзгеруімен шартталған тәуекел. Банктік пайыздың жоғары мөлшерлемелері компания үшін де, халық үшін де қарыздардың қол жетімділігіне әсер етуі мүмкін, бұл іскерлік белсенділікке теріс әсерін тигізеді.

➤ *елдегі саяси жағдайдың және заңнаманың өзгеруімен байланысты Елдегі саяси жағдайдың өзгеруімен байланысты тәуекел* – Қазақстандағы тұрақты саяси жағдайға байланысты осы тәуекелдің төмен деңгейі туралы айтуға болады. *Заңнаманың өзгеруімен байланысты тәуекел* – Қазақстан Республикасы заңнамасының, соның ішінде салық заңнамасының ықтимал өзгеру тәуекелі бар, бұл Эмитенттің қызмет нәтижелеріне теріс әсер етуі мүмкін.

➤ *әлеуметтік факторлармен байланысты* Эмитенттің Қазақстан Республикасындағы тұрақты саяси және әлеуметтік жағдайға байланысты осы фактормен байланысты қомақты тәуекелдері жоқ.

4. Қоғамның қаржылық жай-күйі

27. Инвестициялар

Эмитенттің бағалы қағаздар портфелі және өзге де инвестициялары жоқ, сондай-ақ басқа ұйымдардың капиталына салынған ұзақ мерзімді инвестициялары жоқ.

28. Дебиторлық берешек

Эмитенттің мөлшері қоғам активтерінің балайстық құнының бес және одан артық пайызын құрайтын ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді дебиторлық берешегі жоқ.

29. Активтер

Құны Эмитент активтерінің баланстық құнының бес және одан артық пайызын құрайтын Эмитентке тиесілі мүлік:

Бап атауы	Баланстық құны, мың теңге	Активтердегі үлесі, %
Денежные средства и их эквиваленты	99 900	100

Эмитентте өз міндеттемелерінің қамсыздандырылуы болып табылатын, сондай-ақ сенімді басқаруға тапсырылған активтер жоқ

30. Қоғамның жарғылық және меншікті капиталы туралы мәліметтер

Эмитенттің төленген жарғылық капиталы 99 990 000 (тоқсан тоғыз миллион тоғыз жүз тоқсан мың) теңге құрайды. Эмитенттің меншікті капиталы 99 990 000 (тоқсан тоғыз миллион тоғыз жүз тоқсан мың) теңге құрайды.

31. Заемдар

Осы проспекті дайындалған күні Эмитент облигациялар шығармады және оның банк заемдары мен несиелері жоқ.

32. Қоғамның негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты кредиторлық берешегі (жеткізушілер алдындағы берешек, алынған аванстар)

Эмитенттің мөлшері қоғам активтерінің баланстық құнының бес және одан артық пайызын құрайтын ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді дебиторлық берешегі жоқ.

5. Қаржылық ұйымдардың қаржылық жағдайы

«Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 04 шілдедегі № 474-ІІ Заңына сәйкес Эмитент қаржылық ұйым болып табылмайды.

6. Бағалы қағаздардың шығарылымдары туралы мәліметтер (акциялар шығарылымы “Бағалы қағаздар рыногы туралы” Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі Заңы қабылданғанға дейін тіркелген қоғамдар үшін)

Эмитент толтырмайды.

7. Жарияланған акцияларды шығару туралы мәлімет

45. Акциялар туралы мәлімет:

1) жарияланған акциялардың саны, түрлері:

– 111 000 (жүз он бір мың) дана қарапайым акция.

2) құрылтайшылар арасында орналастырылған (орналастырылатын) акциялардың саны, түрлері:

99 900 (тоқсан тоғыз мың тоғыз жүз) дана қарапайым акция.

3) құрылтайшылар төлейтін бір акцияның нақты құны

Құрылтайшылар төлейтін бір акцияның номиналды құны 1 000 (бір мың) теңге құрайды.

4) артықшылықтағы акциялар бойынша дивидендтің кепілдік берілетін мөлшері

Проспект құрастырылған кезде Эмитенттің артықшылықты акциялары болған жоқ.

45-1. Тұрақтандыру банкінің жарияланған акцияларының саны, түрлері, номиналдық құны туралы мәліметтер (тұрақтандыру банкі толтырады)

Эмитент толтырмайды.

46. Қоғамның айырбасталатын бағалы қағаздары

Қоғам шығарған жағдайда артықшылықты акцияларын және басқа да айырбасталатын бағалы қағаздарын айырбастауға құқылы. Осындай артықшылықты акцияларды және басқа да айырбасталатын бағалы қағаздарды айырбастау талаптары мен тәртібі, оларды өзгерту Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғам жарғысына сәйкес анықталады.

46-1. Орналастырылған акциялар санының ұлғаюы (қоғам сатып алған акцияларды қоспағанда), қоғамның бір түрдегі орналастырылған акцияларын осы қоғамның түрі басқа акцияларға айырбасталуы

Эмитент орналастырылған акциялар санын ұлғайтпады, өз акцияларын сатып алмады және бір түрдегі орналастырылған акцияларды Эмитенттің түрі басқа акцияларына айырбастамады.

47. Төлем жасаушы агент туралы мәлімет

Эмитенттің төлем жасайтын агенті жоқ.

48. Акционерлік қоғамның тіркеушісі туралы мәлімет

«Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» акционерлік қоғамы («Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ), орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Сатпаев көшесі, 30А/3, тел. +7 (727) 272-47-60, факс +7 (727) 272-47-60, ішкі 230, e-mail: info@tisr.kz, бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімін жүргізу қызметін лицензиясыз жүзеге асырады. 2015 жылғы 03 тамыз № 1909 Бағалы қағаздар ұстаушылары тізілімінің жүйесін жүргізу шарты.

48-1. Акционерлік инвестициялық қор көрсетеді:
Эмитент толтырмайды.

8. Қосымша ережелер

49. ҚР ҚҚА Басқармасының 28.11.08 ж. № 181 қаулысына сәйкес алынып тасталған.

50. Инвесторларға арналған ақпарат.

Инвесторлар Эмитент жарғысының көшірмесімен, акцияларды шығару проспектісімен, осы құжаттарға енгізілген өзгертулер мен толықтырулармен, акциялардың орналастырылу қорытындысы туралы есептермен Эмитент орналасқан жерде Қазақстан Республикасы, 030713, Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Алтынды ауылы мекенжайы бойынша таныса алады. Эмитент өзінің жарғысы мен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті түрде жариялануы тиіс қызметі туралы ақпаратты «Юридическая газета» республикалық басылымында жариялайды.

Уәкілетті тұлға



Ли В.П.

**«AltynEx Company» АҚ АКЦИЯЛАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛМАҒАН НАРЫҚТА САТЫП АЛҒАН
ЖАҒДАЙДА ОЛАРДЫҢ ҚҰНЫН АНЫҚТАУ**

ӘДІСТЕМЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы құжат өзгерістері мен толықтыруларын есепке ала отырып, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415-ІІ заңына (бұдан былай – «Заң»), Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне және «AltynEx Company» АҚ (бұдан былай – «Қоғам») Жарғысына сәйкес әзірленген.

1.2. Осы құжатта қолданылатын терминдер келесі мағыналарға ие:

Директорлар кеңесі Қоғамның Директорлар кеңесін білдіреді;

Бас атқарушы директор Қоғамның Бас атқарушы директорын білдіреді;

ХҚЕС Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын білдіреді;

Акциялар ұйымдастырылған нарықта айналмайтын (саудаланбайтын) Қоғамның орналастырылған жай (дауыс беруші) акцияларын білдіреді;

Акционер кез келген Акциялар иесін білдіреді.

1.3. Осы құжаттың ережелері Қоғам (а) кейіннен Акцияларын қайта сату немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғам Жарғысына қайшы келмейтін басқа мақсаттарда өз бастамасы бойынша немесе (б) Заңмен қарастырылған жағдайларда Акционердің талап етуі бойынша сатып алған жағдайда Акциялардың құнын анықтау мақсатында қолданылады.

1.4. Қоғам өз бастамасы бойынша Директорлар кеңесінің тиісті шешімінің негізінде Акцияларын сатып алуға тиіс.

1.5. Заңмен дәл анықталған жағдайларда (а) Акцияларды сатып алу туралы екі ұшты емес талапты; (б) осы талаптың негізін; (в) Акционерге тиесілі және Қоғам сатып алуға тиісті Акциялар саны мен түрін; (г) Акционердің мекенжайы мен байланыс телефон нөмірлерін қамтитын, Бас атқарушы директордың атына жіберілген Акционердің жазбаша өтінішінің негізінде Акционердің талап етуі бойынша Қоғам Акцияларын сатып алады.

1.6. Қоғамның Акцияларды сатып алу процедурасына қолданылатын ережелер мен шектеулер Заң талаптарына сәйкес анықталады.

2. Әдістер

2.1. Қоғамның бастамасы бойынша Акцияларды сатып алу

Қоғам Директорлар кеңесінің тиісті шешімі қабылданғанға дейін қалған кем дегенде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын өз қалауы бойынша өзі тағайындаған тәуелсіз бағалаушы белгілеген бағаға өз бастамасы бойынша Акцияларын сатып алуы керек.

2.2. Акционердің талап етуі бойынша Акцияларды сатып алу

Қоғам Акцияларының баланстық құны бойынша Акционердің талап етуі бойынша Акцияларды сатып алады.

Әрбір Акцияның баланстық құны келесі формула бойынша есептеледі:

$BV = (E - L) / N$, мұндағы:

BV – әрбір Акцияның баланстық құны;

E – есеп жүргізілетін тоқсанның басындағы Қоғамның акционерлік капиталының баланстық құны;

L – есеп жүргізілетін бүкіл тоқсан үшін Қоғамның болжамды шығындары;

N – Қоғам сатып алып қойған Акцияларды есептемегенде есептеу күнгі барлық орналастырылған жай (дауыс беруші) акциялардың жалпы саны.
